

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету жөніндегі қызметтер берушіні таңдау және оның шығындарын өтеу қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 қазандағы № 1358 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 29 қазандағы № 862 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 29.10.2015 № 862 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Р К А О - ның ескертпесі.

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің м.а. 2015 жылғы 30 шілдедегі № 638 бұйрығын қарандыз.

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің 34-бабының 4-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету жөніндегі қызметтер берушіні таңдау және оның шығындарын өтеу қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
С. Ахметов**

Премьер-Министрі

Қазақстан

Ү к і м е т і н ің

2012 жылғы

№ 1358

бекітілген

25

қазандағы

қаулысымен

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету жөніндегі қызметтер берушіні таңдау және оның шығындарын өтеу қағидалары

Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 18.12.2013 № 1336 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

1. Жалпы ережелер

1. Осы Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету жөніндегі қызметтер берушіні таңдау және оның шығындарын өтеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Кодексінің 34-бабының 4-тармағына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының Үкіметі мемлекеттік тапсырманы орындаушы ретінде айқындаған денсаулық сақтау ұйымдарынан; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 2016 қаулысымен бекітілген бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасының азаматтары шетелге емделуге жіберілетін аурулардың тізбесіне және бюджет қаражаты есебінен шетелге емделуге жіберілетін Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесіне сәйкес көрсетілетін медициналық қызметтерден; уәкілетті орган бекіткен тәртіпке сәйкес, отандық медициналық ұйымдар шартында шетелде емделуге үміткер Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандарға көрсетілген медициналық қызметтерден басқа Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандарға тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін (бұдан әрі – ТМККК) көрсету жөніндегі тиісті лицензиясы бар қызметтер берушіні таңдауды жүзеге асыру және оның шығындарын бюджет қаражатының есебінен өтеу тәртібін айқынрайтын.

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұфымдар:

1) азаматтарды медициналық-санитариялық алғашқы көмек ұйымдарына тіркеу – медициналық-санитариялық алғашқы көмек (бұдан әрі – МСАК) ұйымдарының МСАК көрсету және азаматтардың ТМККК шенберінде оны алу құқықтарын іске асыру жөніндегі міндеттемелерін тіркеу;

2) әлеуетті қызметтер беруші – ТМККК көрсетуге үміткер денсаулық сақтау сұбыектісі;

3) бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі (бұдан әрі – әкімші) – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі не облыстардың, Астана және Алматы қалаларының денсаулық сақтау басқармалары (бұдан әрі – ДБ);

4) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган)

– азаматтардың денсаулығын сақтау, медициналық және фармацевтикалық ғылым, медициналық және фармацевтикалық білім беру, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы, дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналысы, медициналық қызметтер көрсету сапасын бақылау саласындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

5) жаңадан енгізілетін денсаулық сақтау объекті – бюджет қаражаты есебінен салынған, алғаш рет пайдалануға берілген, оны басқару аталған объектіде тиісті қызметті жүзеге асуруға лицензия берілген ұйымға тапсырылған объект;

6) қосалқы мердігер – ТМККК көрсетуге арналған шарт бойынша міндеттемелердің бір бөлігін орындау үшін қызметтер беруші қосалқы мердігерлік шарт жасасқан денсаулық сақтау субъектісі;

7) қызметтер беруші – ТМККК көрсетуге шарт жасасқан денсаулық сақтау субъектісі;

8) қызметтер берушіні таңдау жөніндегі комиссия (бұдан әрі – комиссия) – осы Қағидаларға сәйкес тапсырыс беруші құратын тұрақты жұмыс істейтін алқалы орган;

9) тапсырыс беруші – осы Қағидаларға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес республикалық немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен ТМККК көрсету жөніндегі қызметтер берушіні таңдауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық қызметке акы төлеу комитетінің аумақтық департаменті немесе тиісті облыстың, Астана және Алматы қалаларының денсаулық сақтау басқармалары;

10) тарификатор – уәкілдепті орган бекіткен құны көрсетілген медициналық қызметтердің бірыңғай тізбесі;

11) ТМККК консультациялық-диагностикалық көмегін көрсетуге арналған ниет білдіру туралы шарт (бұдан әрі – ниет білдіру шарты) – әлеуетті қызметтер беруші мен электрондық тізілімге қосылған КДК әлеуетті қосалқы мердігер арасында жасалған жараптасу шарт;

12) ТМККК консультациялық-диагностикалық көмек көрсететін әлеуетті қосалқы мердігер (бұдан әрі – КДК әлеуетті қосалқы мердігері) – ТМККК көрсетуге арналған шарт бойынша міндеттемелердің бір бөлігін орындауға үміткер денсаулық сақтау субъектісі;

13) ТМККК консультациялық-диагностикалық көмегінің әлеуетті қосалқы мердігерлерінің электрондық тізілімі (бұдан әрі – электрондық тізілім) – осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келетін КДК әлеуетті қосалқы мердігерлерінің дөрек көрінісі;

14) ТМККК көрсету жөніндегі қызметтер берушіні таңдау (бұдан әрі – қызметтер берушіні таңдау) – осы Қағидалардың талаптарына қызметтер берушінің сәйкестігін айқындауға және ТМККК көрсетуге шарт жасасу арқылы ТМККК орналастыруға бағытталған өзара байланысты дәйекті іс-шаралар кешенін

тұратын рәсім;

15) ТМККК көрсетуге арналған шарт (бұдан әрі – шарт) – осы Қағидаларға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес тапсырыс беруші мен қызметтер берушінің арасында жасалған ТМККК көрсетуге арналған азаматтық - құқықтық

шарт;

16) ТМККК орналастыру – комиссияның осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келетін әлеуетті қызметтер берушілерге ТМККК көлемін айқындауы.

3. Тапсырыс беруші әкімші бекіткен міндеттемелер бойынша жеке қаржыландыру жоспарының негізінде қызметтер берушіні таңдау ресімін жүзеге асыру

туралы шешім қабылдайды.

4. Қызметтер берушіні таңдау: мынадай:

респубикалық маңызы бар медициналық ұйымдардың психикалық, инфекциялық, онкологиялық аурулармен және туберкулезмен, алкоголизммен, нашақорлықпен және уытқұмарлықпен ауыратын;

оңалту орталықтарындағы, санаторийлердегі науқастарға медициналық қызметтер көрсетуді қоса алғанда, стационарлық көмек пен стационарды алмастыратын

көмек;

қалпына келтіріп емдеу және медициналық оңалту;

респубикалық маңызы бар медициналық ұйымдардағы амбулаториялық-емханалық көмектің нысандарында көрсетілетін медициналық көмектің білікті; мамандандырылған; жоғары мамандандырылған; медициналық-әлеуметтік түрлері бойынша респубикалық бюджет қаражатының есебінен;

респубикалық бюджет қаражатының есебінен жүзеге асырылатын ТМККК көрсету жөніндегі қызметтерді қоспағанда, медициналық көмектің түрлері мен нысандары бойынша облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне респубикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансфертерді қоса алғанда, жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

5. Қызметтер берушіні таңдау мынадай қағидаттарды сақтай отырып жүзеге асырылады:

1) ТМККК қолжетімділігін қамтамасыз ету;

2) Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандардың денсаулық сақтау субъектілерін еркін таңдауын іске асыру;

3) ТМККК көрсетеу жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін пайдаланылатын ақша қаражатын қызметтер берушінің ұтымды жұмсауын қамтамасыз ету;

4) қызметтер берушілерді таңдау рәсіміне қатысу үшін әлеуетті қызметтер берушілерге тең мүмкіндіктер беру;

5) қызметтер берушіні таңдау процесінің ашықтығы мен айқындылығы;

6) әлеуетті қызметтер берушілердің арасындағы адаптациялардың бәсекелестік;

7) денсаулық сақтау саласында аккредиттелген әлеуетті қызметтер берушілерге шарттар жасасуға басым құқық беру;

8) аумақтылық (қызметтер берушіні таңдау рәсімін жүзеге асыру туралы хабарламада көрсетілген ТМККК көрсетеу орны бойынша қызметтер берушінің орналасуы) қағидаттарын сақтай отырып, жүзеге асырылады.

6. Әлеуетті қызметтер беруші мынадай талаптарға сай болуы тиіс:

1) құқық қабілеттілігінің болуы;

2) төлем қабілеттілігінің болуы;

3) банкроттық не тарату рәсіміне жатпауы;

4) материалдық және еңбек ресурстарының болуы.

7. Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандарды МСАК көрсететін денсаулық сақтау субъектілеріне бекіту рәсімі МСАК көрсететін қызметтер берушіні таңдау рәсімін өткізу үшін алдын-ала рәсім болып табылады және мынадай кезеңдерден тұрады:

1-кезең: Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандарды МСАК көрсететін денсаулық сақтау субъектілеріне еркін бекіту науқанына қатысу үшін әлеуетті қызметтер берушілерді айқындау;

2-кезең: «Бастапқы медициналық-санитариялық көмек көрсетеу қағидаларын және Азаматтарды бастапқы медициналық-санитариялық көмек ұйымдарына бекіту қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 қарашадағы № 1263 қаулысында айқындалған тәртіппен Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандарды МСАК көрсететін денсаулық сақтау субъектілеріне еркін бекіту науқаны (бұдан әрі – бекіту науқаны).

8. Қызметтер берушіні таңдау рәсімі екі кезеңнен тұрады:

1 - к е з е н :

1) тапсырыс берушінің әлеуетті қызметтер берушілерге қызметтер берушіні таңдау рәсімін жүзеге асырудың басталғаны туралы хабарлауы;

2) қызметтер берушіні таңдау рәсіміне қатысуға арналған өтінімдерді (бұдан әрі – қатысуға арналған өтінім) қабылдауы;

3) әлеуетті қызметтер берушілердің осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігін айқындау үшін комиссияның қатысуға арналған өтінімдерді қарауы;

2 - к е з е н :

- 1) ТМККК орналастыру және шарттар жасасу;
- 2) ТМККК орналастыру қорытындысы туралы хабарлау.

2. Комиссияны қалыптастыру және оның жұмыс тәртібі

9. Қызметтер берушіні таңдау рәсімін орындау үшін тапсырыс беруші комиссия құрады және оның хатшысын айқындайды.

10. Комиссия:

1) әлеуетті қызметтер берушілердің осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігін айқындауды;

2) әлеуетті қызметтер берушілердің Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандарды МСАК көрсететін денсаулық сақтау субъектілеріне еркін тіркеу науқанына қатысу үшін осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігін айқындауды;

3) электрондық тізілімге қосу үшін КДК әлеуетті қосалқы мердігерлерінің осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігін айқындауды;

4) Осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келетін әлеуетті қызметтер берушілерге ТМККК орналастырады.

11. Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі ведомстволарының тиісті аумақтық департаменттеріне, ДБ, осы өнірдегі денсаулық сақтау субъектілері мен пациенттердің мүдделерін білдіретін үкіметтік емес ұйымдар мен қоғамдық бірлестіктерге кандидатураларды ұсыну туралы жазбаша сұрау салу жібереді және жазбаша ұсынылған кандидатуралардың негізінде тапсырыс беруші комиссия құрамын қалыптастырады және бұйрықпен бекітеді.

12. Комиссияның құрамына комиссияның төрағасы, төрағаның орынбасары және басқа да мүшелері кіреді. Комиссия мүшелерінің жалпы саны кемінде жеті адамнан тұрады.

13. Тапсырыс берушінің бірінші басшысы немесе оның орынбасары болып табылатын лауазымды адам комиссияның төрағасы болып айқындалады.

Комиссияның төрағасы:

1) комиссияның жұмысын жоспарлайды және қызметіне басшылық етеді;

2) комиссияның отырыстарына төрағалық етеді;

3) осы Қағидаларда көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Комиссия төрағасының орынбасарын комиссия мүшелері отырыста ашық дауыс беру арқылы сайлады.

14. Комиссияның ұйымдастырушылық қызметін комиссия хатшысы қамтамасыз етеді. Комиссияның хатшысы комиссия мүшесі болып табылмайды және оның комиссия шешім қабылдаған кезде дауыс беру құқығы болмайды.

Комиссияның хатшысы тапсырыс берушінің лауазымды адамдарының арасынан б е л г і л е н е д і .

15. Комиссияның отырысы комиссия мүшелерінің қарапайым көпшілігі қатысқан жағдайда өткізіледі.

16. Комиссия төрағасының немесе комиссия төрағасы орынбасарының және (немесе) қандай да бір мүшесінің Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес негізделген себептер бойынша ғана қатыспаудың рұқсат етіледі. Бұл ретте комиссия отырысының хаттамасында оның болмау себебі растауды құжатты қоса береде отырып көрсетіледі.

Комиссия төрағасы болмаған уақытта оның функцияларын төрағаның орынбасары атқарады.

17. Комиссияның шешімі ашық дауыс беру арқылы қабылданады және егер оған отырысқа қатысып отырған комиссия мүшелерінің жалпы санының басым көпшілігі дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі. Дауыстар тең болған жағдайда, комиссия төрағасы немесе ол болмаған жағдайда комиссия төрағасының орынбасары дауыс берген комиссия мүшелерінің шешімі қабылданды деп саналады.

18. Комиссияның отырысын комиссия хатшысы қатысып отырған комиссия мүшелері мен әлеуетті қызметтер берушілер және (немесе) олардың өкілдері, болмаған комиссия мүшелері (дәлелді, дәлелсіз себептер бойынша) және дауыстар санын (қарсы, қолдау) көрсете отырып, комиссияның отырысында қабылданған шешім туралы мәліметтерді қамтуға тиіс хаттаманы ресімдейді.

Комиссия отырысының хаттамасына комиссияның төрағасы, оның орынбасары, қатысып отырған мүшелері және комиссия хатшысы қол қояды.

19. Комиссияның шешімімен келіспеген жағдайда осы комиссияның кез келген мүшесі ерекше пікірін білдіреді, ол жазбаша түрде баяндалуы және комиссия отырысының хаттамасына қоса берілуі тиіс.

20. Қатысуға арналған өтінімдерді комиссияның отырысын өткізбей қаруға рұқсат берілмейді.

21. Әлеуетті қызметтер берушілер және (немесе) олардың өкілдері комиссияның қызметіне араласпай, өтінімдерді қару кезінде аудиожазу мен бейнетүсіруді жүргізу құқығымен қатыса алады.

22. Комиссия мүшелерінің қатысуға арналған өтінімдерді талаптарға сәйкес келтіруге (толықтыруға, ауыстыруға, түзетуге) бағытталған сұрау салуларына және өзге де іс-қимылдарына жол берілмейді.

23. Комиссия:

қатысуға арналған өтінімдер болмаған; қатысуға арналған өтінім берген әлеуетті қызметтер берушілердің ешқайсысы осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келмеген жағдайларда осы Қағидаларға 1-

қосымшаға сәйкес хаттама түрінде ресімделетін қызметтер берушіні таңдау рәсімін немесе тіркеу науқанына қатысу үшін әлеуетті қызметтер берушілерді айқындау рәсімін болмады деп тану және оны қайта өткізу туралы шешім қабылдауды.

24. Әлеуетті қызметтер берушінің немесе оның өкілінің сұрау салуы бойынша қабылданған шешімге қатысты комиссия отырысының хаттамасынан үзінді көшірме беріледі.

3. Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандарды МСАК көрсететін денсаулық сақтау субъектілеріне еркін бекіту науқанына қатысу үшін әлеуетті қызметтер берушілерді айқындау тәртібі

25. МСАК көрсететін әлеуетті қызметтер берушілер (бұдан әрі – МСАК әлеуетті қызметтер берушілері) бекіту науқанына қатысады.

26. Тапсырыс беруші денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның шешімі негізінде осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес бекіту науқанына қатысу үшін әлеуетті қызметтер берушілерді айқындау рәсімін өткізу туралы бұқаралық ақпарат құралдары (бұдан әрі – БАҚ) және (немесе) интернет-ресурстар арқылы хабарлайды (бұдан әрі – бекіту науқанын өткізу туралы хабарландыру).

27. Бекіту науқаны үшін әлеуетті қызметтер берушіні айқындау рәсімін қалыптасуы мен қызметі осы Қағидаларға сәйкес жүзеге асырылатын комиссия орындауды.

28. МСАК көрсетуге үміткер МСАК көрсететін әлеуетті қызметтер берушісі осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес мынадай құжаттарды қоса бере отырып, тапсырыс берушіге тіркеу науқанына қатысуға арналған өтінімді (бұдан әрі – қатысуға арналған өтінім) ұсынады:

1) мұналадың :
занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің немесе анықтаманың (анықтаманың электрондық нысаны нотариаттық расталмайды);
тиісті мемлекеттік орган берген, занды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқық беретін құжаттың (жеке тұлға үшін);
әлеуетті қызметтер берушінің тиісті медициналық қызметтер көрсетуге арналған құқығын растайтын медициналық қызметпен айналысуға лицензиялар мен оларға қосымшалардың (электрондық лицензия және оған қосымшалар нотариаттық расталмайды) нотариаттық куәландырылған көшірмелерін;

2) мұналадың :
жеке куәлігінің немесе паспорттың (жеке тұлға үшін);
жарғының (егер жарғыда құрылтайшылардың, қатысушылардың немесе

акционерлердің құрамы көрсетілмесе, сондай-ақ құрылтайшылардың, қатысушылардың құрамы туралы үзінді көшірме немесе құрылтай шартының нотариаттық куәландырған көшірмесі немесе акцияларды ұстаушылар тізілімінен үзінді көшірме ұсынылады);

денсаулық сақтау саласындағы аккредиттеу туралы куәліктің (бар болса) көшірмелері;

3) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес бірінші басшының қолымен расталған және әлеуетті қызметтер берушінің мөрімен бекітілген дәрігер кадрлардың болуы туралы мәліметтер (аккредиттеу туралы куәлік болған жағдайда аталған мәліметтер ұсынылмайды);

4) әлеуетті қызметтер берушінің мұддесін білдіретін адамға (адамдарға) комиссия отырыстарына қатысуға арналған өтінім беруге, қол қою құқығына сенімхат.

Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмайтын әлеуетті қызметтер беруші өзінің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкестігін растау үшін Қазақстан Республикасының резиденті сияқты құжаттарды не осы талаптарға сәйкестігі туралы ұқсас мәліметтерді ұсынады.

29. Комиссия осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес шешімді бекіту науқанына қатысу үшін әлеуетті МСАК көрсететін қызметтер берушінің осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігі (сәйкес келмейтіні) туралы хаттамамен ресімдейді.

30. Тапсырыс беруші бекіту науқанына қатысуға рұқсат алған МСАК көрсететін әлеуетті қызметтер берушілерін айқындау қорытындысын шығарған күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей:

МСАК көрсететін әлеуетті қызметтер берушілерінің тізімін көрсете отырып, БАҚ және (немесе) интернет-ресурстар арқылы бекіту науқанын өткізу туралы хабарлайды;

тіркелген халық тіркелімінің (бұдан әрі – ТХТ) порталын қалыптастыру және сүйемелдеу бойынша қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымына осы әлеуетті қызметтер берушілерге тіркеу науқаны басталғанға дейін кемінде бір жұмыс күнінен кешіктірмей ТХТ-ға жіберу үшін хаттаманың көшірмесін жібереді.

31. Бекіту науқанын өткізу кезеңінде оған жіберілген әлеуетті қызметтер берушілер бекіту бойынша ақпараттық науқан жүргізді.

32. Тапсырыс беруші МСАК әлеуетті қызметтер берушілеріне бекітілген халықтың санын айқындау арқылы бекіту науқанының қорытындысын шығарады.

33. Бекітілген халықтың саны Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 15 желтоқсандағы № 2131 қаулысымен бекітілген Қазақстан

Республикасының денсаулық сақтау үйымдары желісінің мемлекеттік нормативіне сәйкес келетін МСАК әлеуетті қызметтер берушілері қызметтер берушіні тандау рәсіміне жіберіледі.

4. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің консультациялық-диагностикалық қызметтерінің әлеуетті қосалқы мердігерлерінің электрондық тізілімін қалыптастыру үшін әлеуетті қосалқы мердігерлерді айқындау тәртібі

34. Тапсырыс беруші жыл сайын, 15 қарашадан кешіктірмей, осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес электрондық тізілімді қалыптастыру туралы хабарландырады, ол тиісті облыстың, Астана және Алматы қалаларының аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымында және әкімшінің интернет-ресурсында жарияланады.

35. КДҚ әлеуетті қосалқы мердігері тапсырыс берушіге ТМККК консультациялық-диагностикалық қызметтерін көрсету үшін тапсырыс беруші белгілеген мерзімде осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес электрондық тізілімге енгізуге арналған өтінімді (бұдан әрі – тізілімге енгізуге арналған өтінім) мынадай құжаттарды қоса бере отырып ұсынады:

1) м ы на л а р д ы ң :

занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің немесе анықтаманың (анықтаманың электрондық нысаны нотариаттық расталмайды);

тиісті мемлекеттік орган берген, занды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асуруға құқық беретін құжаттың (жеке тұлға үшін);

тапсырыс беруші көрсеткен аумақта тиісті медициналық қызметтер көрсетуге арналған құқығын растайтын медициналық қызметпен айналысуға арналған лицензиялар мен оларға қосымшалардың (электрондық лицензия және оған қосымшалар нотариаттық расталмайды) нотариат куәландырған көшірмелерін;

2) м ы на л а р д ы ң :

жеке куәлігінің немесе паспорттың (жеке тұлға үшін);

жарғының (егер жарғыда құрылтайшылардың, қатысушылардың немесе акционерлердің құрамы көрсетілмесе, сондай-ақ құрылтайшылардың, қатысушылардың құрамы туралы үзінді көшірме немесе құрылтай шартының нотариаттық куәландырылған көшірмесі немесе акцияларды ұстаушылар тізілімінен үзінді көшірме ұсынылады);

денсаулық сақтау саласындағы аккредиттеу туралы куәліктің (бар болса) көшірмелерін;

3) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес кадрлардың біліктілігі туралы мәліметтер (аккредиттеу туралы куәлік болған жағдайда бұл мәліметтер

5. Әлеуettі қызметтер берушілерді оларға қойылатын талаптарға сәйкестігін айқындау және тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін орналастыру тәртібі

1. ТМКК қызметтерін берушіні таңдау рәсімін жүзеге асыру туралы хабарлау, қатысуға арналған өтінімдерді қабылдау, әлеуettі қызметтер берушіге қойылатын талаптар және оларға қойылатын талаптарға сәйкес келетін әлеуettі қызметтер берушілерді айқындау тәртібі

43. Тапсырыс берушінің әлеуettі қызметтер берушілерге қызметтер берушіні таңдау рәсімін жүзеге асыру туралы хабарлауы осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хабарландыру беру арқылы жүзеге асырылады, ол тиісті облыстың, Астана және Алматы қалаларының аумақтарында таратылатын мерзімді баспасөз басылымында және әкімшінің интернет-ресурсында жарайланады.

44. Қатысуға арналған өтінімді тапсырыс берушіге әлеуettі қызметтер беруші осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес тапсырыс беруші айқындаған, бірақ тапсырыс беруші қызметтер берушіні таңдау рәсімін жүзеге асыру туралы хабарландыруды орналастырған күннен бастап бес жұмыс күнінен аспайтын м е р з і м д е ү с ы н а д ы .

45. Қатысуға арналған өтінімді әлеуettі қызметтер беруші тапсырыс берушіге тігілген түрде, нөмірленген парактармен түзетулерсіз және жәndeулерсіз ұсынады. Бұл ретте өтінімнің соңғы парагы бірінші басшының қолымен куәландырылады және мөрімен бекітіледі.

46. Әлеуettі қызметтер беруші тапсырыс берушіге ұсынатын өтінімдерді комиссияның хатшысы осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нөмірленуі, тігілуі тиіс өтінімдерді тіркеу журналында тіркейді. Бұл ретте соңғы парап бірінші басшының қолымен куәландырылады және мөрімен бекітіледі.

47. Қатысуға арналған өтінімге әлеуettі қызметтер берушінің мынадай құжаттары қоса беріледі:

1) м ы на л а р д ы н :

занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің немесе анықтаманың (анықтаманың электрондық нысаны нотариаттық расталмайды);

тиісті мемлекеттік орган берген, занды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқық беретін құжаттың (жеке тұлға үшін);

тапсырыс беруші көрсеткен аумақта тиісті медициналық қызметтер көрсетуге құқығын растайтын медициналық қызметпен айналысуға арналған лицензиялар мен оларға қосымшалардың (электрондық лицензия және оған қосымшалар нотариаттық расталмайды) нотариаттық куәландырылған көшірмелерін;

жеке куәлігінің немесе паспорттың (жеке тұлға үшін); жарғының (егер жарғыда құрылтайшылардың, қатысуышылардың немесе акционерлердің құрамы көрсетілмесе, сондай-ақ құрылтайшылардың, қатысуышылардың құрамы туралы үзінді көшірме немесе құрылтай шартының нотариаттық куәландырылған көшірмесі немесе акцияларды ұстаушылар тізілімінен үзінді көшірме ұсынылады);

денсаулық сақтау саласындағы аккредиттеу туралы куәліктің (бар болса);

қатысуға арналған өтінімінде көрсетілген ЖММК технологиялары тізбесі бойынша медициналық көмек көрсетуге қойылатын талаптарға сәйкестігі туралы уәкілетті орган берген қорытындының көшірмелерін;

3) осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес шарттың талаптарында көзделген төлемақыны алғанға дейін оны қызметтер беруші деп айқындаған құннен бастап қызметтер көрсету үшін дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдар бойынша, тамақ өнімдері бойынша кемінде бір ай мерзімге арналған материалдық ресурстар қорының болуын растайтын ақпарат қоса берілген

к е п і л д і к м і н д е т т е м е ;

қолданылуының бүкіл кезеңіне шарт жасасу кезінде уәкілетті орган бекіткен тиісті медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарының қызметі туралы ережеге (ережелерге) оның сәйкестігі жөніндегі кепілхат (денсаулық сақтау саласындағы аккредиттеу туралы куәлік болған жағдайда кепілдеме хат ұ с ы н ы л м а й д ы) ;

ағымдағы кезеңге арналған кредиторлық берешегі туралы ақпарат;

осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кадрлардың біліктілігі туралы мәліметтер (аккредиттеу туралы куәлік болған жағдайда, бұл мәліметтер ұ с ы н ы л м а й д ы) ;

осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес ТМККК шеңберінде медициналық көмектің түрлері мен нысандары, оның ішінде ЖММК технологияларының тізбесі, осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес бейінді төсектердің саны (стационарлық және стационарды алмастыратын көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілері үшін), осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес медициналық техниканың, оның ішінде қаржылық лизинг шарттарында сатып алынған, болуы туралы соңғы үш жылда және мәлімделген кезеңде (оларға ТМККК шеңберінде медициналық көмек көрсету кезеңі үш жылдан аспаған жағдайда) көрсетілген м ә л і м е т т е р ;

осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес қатысуға арналған өтінімде көрсетілген медициналық көмектің жоқ түрлеріне/кіші түрлеріне ниет білдіру ш а р т ы ;

Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес бүкіл

онкологиялық диспансерлер арасындағы онкологиялық науқастарға ТМККК қызметтерін көрсетуге арналған алдын ала шарт;

4) оның мұдделерін білдіретін адамға(-дарға) комиссия отырыстарына да қатысуға арналған өтінімді беруге, қол қою құқығына сенімхат.

Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмайтын әлеуетті қызметтер беруші өзінің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкестігін растау үшін Қазақстан Республикасының резиденті сияқты құжаттарды не осы талаптарға сәйкестігі туралы ұқсас мәліметтерді ұсынады.

48. Тапсырыс беруші айқындаған қатысуға арналған өтінімді ұсынудың соңғы мерзімі аяқталған күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей оларды қарау жөніндегі комиссия отырысы өткізіледі, онда комиссияның хатшысы комиссия мүшелеріне және басқа қатысушыларға берілген қатысуға арналған өтінімдер мен оларға қоса берілген құжаттарды атап шығады.

49. Әлеуетті қызметтер берушінің қатысуға арналған өтінімге ұсынатын құжаттарының дұрыстығын белгілеу қажет болған жағдайда, комиссия тиісті мемлекеттік органдардан және заңды тұлғалардан қажетті ақпаратты жазбаша

н ы с а н д а

сұра та ды .

50. Әлеуетті қызметтер берушілердің банкроттық рәсіміне қатысы жоқтығы бөлігінде талаптарға сәйкес келуін нақтылау мақсатында комиссия банкроттық рәсімдерінің жүргізілуін бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті органның интернет-ресурсына орналастырылған ақпаратты қарайды.

51. Комиссия әлеуетті қызметтер берушілердің қатысуға арналған өтінімдерін :

1) толықтығы мен тиісінше ресімделуі тұрғысынан;

2) осы Қағидалардың 47-тармағына сәйкес ұсынылған құжаттарда көрсетілген мәліметтерге мәлімделген медициналық көмектің сәйкестігін қ а р а й д ы .

5 2 . К о м и с с и я :

1) қатысуға арналған өтінім және оған қоса берілетін құжаттар тиісінше ресімделмеген б о л с а ;

2) қатысуға арналған өтінімге осы Қағидаларда көзделген құжаттардың толық топтамасы қ о с а б е р і л м е с е ;

3) ұсынылған құжаттарда дәйексіз ақпарат болса;

4) әлеуетті қызметтер беруші немесе оның өкілдігі (өкілдікке өтінім берген жағдайда) ол қатысуға өтінім берген әкімшілік-аумақтық бірлік аумағынан тыс жерде орналасқан болса, оларға қойылған талаптарға сәйкес келмейтін әлеуетті қызметтер берушілерді айқындейды және оларды ТМККК орналастыру рәсіміне ж і б е р і л м е д і д е п т а н и д ы .

53. Комиссия әлеуетті қызметтер берушілердің осы Қағидалардың

талаптарына сәйкестігін айқындауды және оларды осы Қағидалардың 48-тармағында көрсетілген мерзімде ТМККК орналастыру рәсіміне жіберілді деп таңида .

54. Комиссия отырысының нәтижесі бойынша осы Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес әлеуettі қызметтер берушіге қойылатын талаптарға сәйкестігі және (немесе) сәйкес келмейтін туралы хаттамаға қол қойылады және комиссия төрағасы, ол болмаған жағдайда комиссия төрағасының орынбасары ТМККК орналастыру рәсіміне қатысуға жіберілген және (немесе) жіберілмеген әлеуettі қызметтер берушілердің тізбесін жариялады.

Комиссияның қызметі осы Қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

2. ТМККК орналастыру

55. Комиссия осы Қағидаларға 20-қосымшаға сәйкес хаттама түрінде ресімделетін қатысуға арналған өтінімді ұсынудың соңғы мерзімі аяқталған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде ТМККК қажеттілігін есепке ала отырып, бөлінген бюджет қаражатының шегінде ТМККК орналастыру туралы шешім қабылдайды .

56. Бекіту науқанының қорытындылары мен МСАК көрсететін денсаулық сақтау субъектісіне еркін бекітілу құқығын пайдаланбаған халықты аумақтық қайта бөлу туралы ДБ шешімін ТМККК орналастыру жөніндегі комиссияға ұсынады .

57. Қызметтер берушіні таңдау рәсіміне жіберілмеген МСАК әлеуettі қызметтер берушісіне бекітілген тұрғындар еркін бекітілу құқығын есепке ала отырып қайта бөлінеді .

58. Комиссия ниет білдіру шартында көрсетілген КДК-ті есепке ала отырып, әлеуettі қызметтер берушілерге ТМККК-тің амбулаториялық-емханалық қызметтерін орналастырады .

59. Тапсырыс беруші босатылған және (немесе) толық көлемде орналастырылмаған ТМККК-нің қызметтер берушісін таңдау рәсімін өткізу туралы шешім қабылдайды. Бұл ретте қызметтер берушіні таңдау рәсімі осы Қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады .

60. Тапсырыс беруші мынадай жағдайларда:

1) тарифтер құнының ұлғаюына;

2) ТМККК шеңберінде қаржы лизингісінің шарттарында сатып алынған медициналық техника үшін лизингілік төлемдерді өтеуге;

3) қызметтердің қосымша көлемін көрсету қажеттілігін тапсырыс берушінің айқындауына ;

4) мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы ТМККК көрсететін ұйымдардың, «Ұлттық медициналық холдинг» АҚ еншілес ұйымдарының және қызметтерді осы ұйымдардың арасында қайта орналастыру

жағдайында дауыс беру акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) жүз пайызы мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестердің шығындарын оларға бюджет қаражатын қайта бөлу арқылы әкімшінің шешімімен өтеді;

5) осы Қағидалармен әлеуетті қызметтер берушілерге қойылатын талаптарға сәйкес келетін жаңадан енгізілетін деңсаулық сактау объектілері үшін;

6) тізбесін уәкілетті орган айқындаған пилоттық ұйымдар үшін тапсырыс беруші қосымша ақша қаражатын қызметтер берушіні таңдау рәсімін жариялаусыз орналастыратын қосымша ақша қаражатын бөлуді қоспағанда, ТМККК көрсетуге қосымша ақша қаражаты бөлінген болса, осы Қағидаларға сәйкес қызметтер берушіні таңдау рәсімін өткізу туралы шешім қабылдайды.

3. Шарт жасасу

61. Тапсырыс беруші тізбесі комиссия жұмысының нәтижелері бойынша айқындалған әлеуетті қызметтер берушілермен тиісті қаржы жылына әкімші бөлген қаражаттың шегінде шарттар жасасады.

62. Тапсырыс беруші ТМККК орналастыру қорытындысы шығарылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде әлеуетті қызметтер берушілерге Қағидаларға 21-қосымшаға сәйкес қол қойылған шарттарды жібереді.

63. Әлеуетті қызметтер берушілер тапсырыс беруші қол қойған шартты алған сэттен бастап үш жұмыс күні ішінде оған қол қояды.

Егер әлеуетті қызметтер беруші осы мерзімнің ішінде шартқа қол қоймаса, ол шартқа қол қоюдан жалтарған деп есептеледі және орналастырылмаған көлемдерді комиссия қызметтер берушілерге орналастырады.

64. Шарт тараптар оған қол қойғаннан кейін күшіне енеді және бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінде міндетті тіркелуі тиіс.

4. ТМККК орналастыру қорытындысы туралы хабарлау

65. Осы Қағидаларға 22-қосымшаға сәйкес шарт жасасқан қызметтер берушілердің тізімін тапсырыс беруші астананың, республикалық маңызы бар қаланың, тиісті облыстың аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымында және әкімшінің интернет-ресурсында ТМККК орналастыру қорытындылары жасалған күннен бастап күнтізбелік он күннен аспайтын мәрзімде жариялады.

66. Қызметтер берушілер әкімшілік-аумақтық бірліктердің аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымында және/немесе интернет-ресурста, сондай-ақ жалпыға бірдей көрінетін қолжетімді жерлерде (қызметтер берушінің орналасқан жері бойынша) көрсетіletіn қызметтер мен технологиялардың түрлерін, нысандарын көрсету арқылы оларда орналастырылған ТМККК туралы ақпаратты жариялады.

6. Шығындарды өтеу

67. Қызметтер берушілердің шығындарын өтеу Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандардың дәрігер мен ТМККК көрсететін денсаулық сақтау ұйымын еркін таңдауын іске асыруды, медициналық көмектің сапасы мен көлемін бақылау нәтижелерін есепке ала отырып, ұсыну нысандары мен тәртібін уәкілетті орган бекіткен орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) актілері негізінде тарифтерді қалыптастыру әдістемесіне сәйкес тарифтер бойынша жүзеге асырылады.

68. Қызметтер берушілердің ТМККК шеңберінде көрсеткен медициналық қызметтер көлемі үшін шарт негізінде шығындарын бюджет қаражаты есебінен өтеу «Денсаулық сақтау ұйымдарының шығындарын бюджет қаражатының есебінен өтеу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 7 желтоқсандағы № 2030 қаулысында айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

69. Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғаларға (қаржы лизингі шарттарында қызметтер берушілерге лизингтік төлемдерді төлеуге арналған шығыстардан басқа) күрделі шығыстарды қоспағанда, жасалған шарт қаражатының және әкімші бекіткен қаражаттың шегінде ТМККК көрсету жөніндегі қызметіне байланысты шығындардың түрлері өтеледі.

70. Бюджет қаражатының есебінен жүзеге асырылатын ТМККК шеңберінде көрсетілген медициналық қызметтерге ақы төлеу тәртібін уәкілетті орган айқынрайады.

7. Қорытынды ережелер

71. Қызметтер беруші тапсырыс берушімен келісу бойынша осы Қағидаларға 23-қосымшаға сәйкес ТМККК көрсету жөніндегі өз міндеттемелерінің бір бөлігін беру арқылы электрондық тізілімнен қосалқы мердігерлерді тартуға құқылы.

Тапсырыс беруші қызметтер берушіден хабарлама алған күннен бастап үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жазбаша түрде келісім немесе дәлелді бастарту үснады.

Қызметтер берушінің қосалқы мердігерге қызметтер үшін ақы төлеуі уәкілетті орган бекіткен тарификаторға сәйкес жүзеге асырылады.

72. Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандардың денсаулық сақтау субъектісін еркін таңдау құқығына сәйкес ТМККК орналасқан көлемі қызметтер берушімен қосымша келісім жасасу арқылы түзетіледі.

73. Қызметтер берушілер бірігу, қосылу, бөліну, қайта құрылу немесе бөлініп шығу жолымен қайта ұйымдастыру кезінде олардың алдағы қайта ұйымдастыру

туралы құжатты алған қүннен бастап бір жұмыс күнінің ішінде тапсырыс беруші тиісті құжаттарды қоса бере отырып, жазбаша хабарламаны дереу жіберуі тиіс.

Қайта ұйымдастырылатын қызметтер берушінің құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес құқықтық мирасқорға

өтеді.

Тапсырыс беруші егер оның ТМККК көрсету бойынша міндеттемелері құқықтық мирасқорға өтпесе немесе құқықтық мирасқор болмаса, қайта ұйымдастырылатын қызметтер беруші ТМККК көлемін босатқан кезде осы Қағидаларға сәйкес жүзеге асырылатын қызметтер берушіні таңдау рәсімін өткізу туралы шешім қабылдайды.

74. Қызметтер берушілер ТМККК қызметтерін есепке алуды қамтамасыз ететін денсаулық сақтаудың ақпараттық жүйелерімен жұмыс істеу үшін интернетпен және кадрлық ресурстармен қамтамасыз етілуі үшін жауапты б о л а д ы .

75. Қазақстан Республикасының аумағындағы шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тізбеке сәйкес айналасындағыларға қауіп төндіретін жіті аурулармен сырқаттану кезінде ТМККК алуға құқылы.

76. Шартты орындау процесінде туындастырылған барлық даулар Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес шешіледі.

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін берушінің өтеу 1-қосымша

жөніндегі және оның қағидаларына

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету бойынша қызметтер берушіні таңдау рәсімін немесе Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандарды МСАК көрсететін денсаулық сақтау субъектілеріне еркін тіркеу науқанына қатысу үшін әлеуетті қызметтер берушілерді айқындау рәсімін болмады деп тану және оны қайта өткізу туралы хаттама

(орналасқан жері)

- 5) тапсырыс берушінің немесе Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитетінің аумақтық департаментінің жазбаша сұрау салуы бойынша сапа мен көлемді бақылауды жүргізу үшін қажетті медициналық құжаттаманы уақтылы ұсынуға;
- 6) тапсырыс берушінің жазбаша сұрау салуы бойынша осы Шарттың шенберінде үшінші тараппен жасалған барлық шарттардың және аталған шарттарды орындау жөніндегі төлем құжаттарының көшірмелерін уақтылы ұсынуға;
- 7) қызметі тоқтатыла тұрған, таратылған, біріктіру, қосу, бөлу немесе қайта құру нысанында қайта ұйымдастырылған, ұйымның атауы, сондай-ақ қызмет түрінің және/немесе қызметтің кіші түрінің атауы өзгерген, төсек қоры өзгерген, оның ішінде ол қысқартылған және/немесе қайта бейіндеген, банк деректемелері өзгерген кезде өзгерістер болған сэттен бастап үш күн ішінде тапсырыс берушіге көрсетілген мәліметтерді растайтын тиісті құжаттармен қоса, ақпарат беруге;
- 8) тапсырыс берушіге уәкілетті орган бекіткен мерзімде және тәртіппен шығыстардың құрылымы туралы есеп беруге;
- 9) кредиторлық берешекті өтеу үшін ақша қаражатының жоқтығы немесе жеткіліксіздігі тәуекеліне жол бермеу бойынша шараларды қамтамасыз етуге;
- 10) қызметкерлердің өкілдері арқылы еңбек ұжымының қатысуымен ТМККК көрсетілген қызметтері үшін осы Шарт түсімдерінің және қаржы қаражатын пайдаланудың айқындығын қамтамасыз етуге;
- 11) мынадай басымдықтардағы: қызметкерлердің еңбегін төлеу және

бюджетке міндетті салық аударымдары, жинақтаушы зейнетақы қорларына зейнетақы жарналары мен жалақыдан басқа да ұстап қалулар; дәрлік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдар; тамактану; ұйымның коммуналдық шығыстары және т.б. ақшалай түсімдерді жұмсауды қамтамасыз етуге;

12) ТМККК шеңберінде көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруға қосқан үлесі үшін персоналдың уәждемеленген еңбегін қамтамасыз етуге;

13) қызметкерлерге жалақыны ай сайын төлеуді есептік айдың 30-күніне дейінгі мерзімде жүзеге асыруға;

14) іссапар шығыстарына арналған шығындарды ескере отырып, мамандардың кемінде 20 %-ын қамти отырып, біліктілікті арттыруды және қайта даярлауды қамтамасыз етуге;

15) лизинг шарттарында медициналық техника сатып алуға арналған қаражатты олардың нысаналы мақсатына сәйкес жұмсауды жүзеге асыруға (тармақ қаржы лизингі шарттарында медициналық техника сатып алуға шарт жасасқан үйымдарға арналған);

16) денсаулық сақтаудың ақпараттық жүйелеріне деректерді уәкілетті орган айқындаған мерзімде және тәртіппен енгізуіндің уақтылығы мен дұрыстырының қамтамасыз етуге;

17) міндеттемелерді орындаудың мүмкін болмауына байланысты барлық мән-жайлар мен олардың себептері туралы жазбаша түрде тапсырыс берушіге шұғыл түрде хабарландыруға міндетті.

2 . Т а п с ы р ы с б е р у ш і :

1) көрсетілген медициналық көмек үшін қызметтер берушіге ақы төлеуді уәкілетті орган айқындаған мерзімде уақтылы жүргізуге;

2) қызметтер берушіні осы Шарттың шеңберінде оның жұмысын регламенттейтін қажетті нормативтік күжаттармен уақтылы қамтамасыз етуге;

3) денсаулық сақтаудың ақпараттық жүйелерінің үздіксіз жұмыс істеуін бақылауды қамтамасыз етуге;

4) Қазақстан Республикасында ТМККК көрсету мәселелері жөнінде халықты хабардар етуге бағытталған қажетті үйымдастыру іс-шараларын өткізу; етуге;

5) «КазМедТех» АҚ-мен жасасқан шарт(-тар) бойынша қызметтер көрсетушіге қаржы лизингі шарттарында сатып алынған медициналық техника үшін лизингілік төлемге арналған шығыстарды өтеуге міндеттенеді.

4. Тараптардың жауапкершілігі

1 . Қ ы з м е т т е р б е р у ш і :

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес халықта ТМККК ұсыну бойынша жіберілген бұзушылық жағдайлары (медициналық көрсетілетін қызметтердің тиісті көлемде және сапада көрсетпеу, ТМККК кіретін көрсетілетін қызметтер үшін Қазақстан Республикасының азаматтарынан және оралмандардан ақы алу) үшін;
- 2) заңнамада белгіленген тәртіппен тапсырыс берушіден алынған қаражатты мақсатсыз пайдаланғаны үшін;
- 3) ТМККК көрсете кезінде қаржылық-шаруашылық қызметтің жүргізілуі және оның нәтижелері үшін;
- 4) интернет-ресурстармен (байланыс арналары және қол жеткізу нұктелері) және ұйымдық техникамен қамтамасыз етілуі үшін;
- 5) ақпараттық жүйелермен, оның ішінде статистикалармен және операторлармен жұмыс істеу бойынша кадрлармен қамтамасыз еткені үшін;
- 6) денсаулық сақтаудың ақпараттық жүйелеріне деректерді уәкілетті орган айқындаған мерзімде және тәртіппен уақтылы енгізбегені және сапасыз енгізгені үшін;
- 7) «Тіркелген халық тіркелімі» порталында тіркелген халық жөніндегі деректердің орынды болуы мен дұрыстығы және оларды уақтылы өзектілендіруді қамтамасыз ету үшін жауапты болады*.

Е ск е р т п е :

*atalған тармақша медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін қызметтер берушілерге қолданылады.

2. Тапсырыс беруші көрсетілетін қызметтерді негізсіз қымбаттатқаны, медициналық қызметтерді көрсетпегені немесе толық көлемде көрсетпегені анықталған жағдайда тапсырыс беруші уәкілетті орган айқындаған тәртіппен сома ұстап қалады.

3 . Т а п с ы р ы с б е р у ш і :

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметтер берушіге көрсетілген қызметтерге ақы төлеуге арналған ақша қаражатын уақтылы аудару үшін;
- 2) «Тіркелген халық тіркелімі» порталындағы деректердің орынды болуы мен дұрыстығы үшін жауапты болады*.

Е ск е р т п е :

*atalған тармақша тапсырыс беруші медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін қызметтер берушіге ақы төлеуді жүзеге асырған кезде қолданылады.

4. Осы Шарт талаптарының қызметтер беруші тарапынан бұзылуы төменде көрсетілген санкциялардың біріне:

1) осы Шарттың 4-бөлімі 1-тармағының 1) тармақшасының орындалмағаны үшін тапсырыс берушінің көрсетілген қызмет сомасын мөлшерлес азайтуына;

2) тапсырыс берушінің шартты бұзуына және орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған міндеттемелер бойынша соманы қайтаруға әкеп соғуы мүмкін.

5. Осы Шарттың қолданылу мерзімінің аяқталуы осы мерзім біткенше орын алған бұзушылық үшін тараптарды жауапкершіліктен босатпайды.

6. Қызметтер берушінің қосалқы мердігерді тартуы қызметтер берушіні тапсырыс берушінің алдында осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындаудан және ол бойынша жауапкершіліктен босатпайды.

5. Шартты өзгерту және бұзу

1. Осы Шарттың сомасы:

1) осы Шарттың 2-бөлімінің 1, 6 және 7-тармақтарына сәйкес;

2) тапсырыс беруші тараптардың келісімі бойынша көрсетілетін қызметтердің қосымша көлемін көрсету қажеттілігін айқындаған жағдайда;

3) қаржы лизингі шарттарында медициналық техника үшін қызметтер берушіге лизинглік төлемдерді өтеуге ақша қаражатын бөлген жағдайда түзетуге (азайтуға/ұлғайтуға) жатады.

2. Егер қызметтер беруші себебін көрсете отырып, жасалған Шарт бойынша міндеттемелерді орындаудан ішінана немесе толығымен бас тартса, онымен осы Шарт сомасын азайту немесе тиісінше осы Шартты бұзу туралы жазбаша қосымша келісім жасалады.

Бұл ретте бас тарту талап етілмеген ақша қаражатын, себептерді, күнін, қызметтер беруші өкілінің тегін, атын және әкесінің атын көрсету арқылы жазбаша түрде ресімделуі, бірінші басшының қолымен куәландырылуы және қызметтер берушінің мөрімен бекітілуі тиіс.

3. Тапсырыс беруші осы Шарт бойынша өзіне қабылдаған міндеттемелерді тиісінше орындаған жағдайда тапсырыс беруші осы Шарттың сомасын азайтуды немесе осы Шартты бұзудың болжанған күніне дейін кемінде 30 (отыз) күн бұрын қызметтер берушіні ескерту арқылы оны бұзуды ұйымдастыруға құқылы.

Қызметтер беруші тапсырыс берушінің осы Шарт сомасын азайту

немесе оны бұзу туралы шешімімен келіспеген жағдайда, тапсырыс беруші оған осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындағаны туралы жазбаша хабарландыру жіберіп, осы Шартты бір жақты бұзуға құқылы.

4. Осы Шартты мерзімінен бұрын тоқтату ниеті туралы тараптар бірін-бірі осы Шартты тоқтатудың болжанатын күніне дейін кемінде 30 (отыз) күн бұрын хабардар етуге міндетті.

5. Осы Шарттың талаптарын бұзғаны үшін қызметтер берушіге осы Шартты бұзудың болжанатын күніне дейін кемінде 30 (отыз) күн бұрын міндеттемелердің орындалмағаны туралы жазбаша хабарлама жібере отырып, тапсырыс беруші осы Шартты бір жақты тәртіппен бұза алады.

6. Форс-мажор

1. Қызметтер берушінің тарапынан бақылауға бағынбайтын, оның қателігіне немесе ұқыпсыздығына байланысты емес және тосын сипатқа ие оқиғалар форс-мажорлық мән-жайларға жатады. Мұндай оқиғалар табиғи және/немесе техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды немесе төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі іс-қимылдар секілді құбылыстарды қамтуы мүмкін, бірақ олармен шектелмейді.

2. Форс-мажорлық мән-жайларға:

1) қызметтер берушінің қасақана және абайсыз іс-қимылдарынан туындаған оқиғалар;

2) осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін адал атқаратын қызметтер берушінің алдын ала болжауына және еңсеруіне болатын оқиғалар;

3) қызметтер берушіде ақша қаражатының болмауы немесе осы Шарттың міндеттемелерін орындауына және/немесе тиісінше орындауына байланысты тапсырыс берушінің төлемақыны жүзеге асырмауы жағтапайды.

3. Форс-мажорлық мән-жайлар туындаған кезде қызметтер беруші бір жұмыс күнінің ішінде тапсырыс берушіге мұндай мән-жайлар және олардың себептері туралы дерек жазбаша хабарлама жіберуі тиіс.

Қазақстан Республикасының уәкілетті органдың форс-мажордың туындағанын растайтын ресми құжаттары форс-мажордың дәлелі болады.

4. Уақтылы хабарламау қызметтер берушіні міндеттемелерді орындау бойынша жауапкершіліктен босататын негіз ретінде осы Шарттың 6-бөлімінің 1-тармағында көзделген мән-жайларға сілтеме жасау құқығынан айрылады.

5. Форс-мажор тоқтағаннан кейін үш жұмыс күні ішінде қызметтер беруші тапсырыс берушіге форс-мажордың тоқтағаны туралы жазбаша

хабарлайды және осы шарт бойынша өз міндеттемелерін жүзеге асыруды қайтадан бастайды.

7. Қорытынды ережелер

1. Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз қызметтер берушінің осы Шартқа 1-косымшаға сәйкес түрлер мен нысандар бойынша ТМККК көрсету бойынша өзінің міндеттемелерін ұшінші тарапқа толығымен не ішінара беруге құқығы жоқ.

Тапсырыс беруші қызметтер берушіден хабарлама алған күннен бастап үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жазбаша түрде келісім немесе уәжделген бас тартуды ұсынады.

2. Тапсырыс беруші қызметтер берушінің қызметіне араласпай, кез келген уақытта көрсетілетін қызметтердің барысы мен сапасын, оның ішінде сауалнама жүргізу нысанында қызметтер берушіде пациенттің қызметтерге қанағаттануын бағалауды жүргізу арқылы, оның ішінде қызметтер көрсетілетін жерге барып және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да тәсілдермен тексеру жүргізуге құқылыш.

3. Осы Шарт бірдей заңды күші бар екі данада жасалды, бір данасы тапсырыс берушіде, екіншісі қызметтер берушіде болады.

Осы Шарт мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалады. Тараптар алмасатын осы Шартқа қатысты барлық хат алмасу мен басқа да құжаттама осы талаптарға сәйкес болуы тиіс.

4. Осы Шартқа сәйкес бір тарап екінші тарапқа жолдайтын кез келген хабарлама кейіннен түпнұсқасын ұсына отырып хат, жеделхат, телекс немесе факс түрінде жолданады.

5. Осы Шарт бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінде тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және 20__ «__» _____ дейін қолданылады. Осы Шарттың талаптары тараптардың 20__ «__» _____ бастап туындаған қатынастарына қолданылады.

8. Тараптардың мекенжайлары мен деректемелері

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінде тіркелген күні:

Осы ТМККК шенберінде медициналық қызметтерді көрсетуге арналған шарт тапсырыс берушінің ТМККК көрсету бойынша қызметті берушіні

таңдау жөніндегі рәсімдерді жүзеге асыруы кезінде тапсырыс беруші мен қызметтер берушінің арасында туындастын құқықтық қатынастарды реттейді. Осы Шартқа енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына, ТМККК көрсету бойынша қызметтер берушінің таңдау рәсімдеріне қатысуға арналған өтінімге және ТМККК орналастыру қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес болуы тиіс.

Тегін
ке^пілдік
көрсету
1-қосымша

Медициналық бөрілген арналған

КӨМЕКТІҢ КӨЛЕМІН ШАРТҚА

Сатып алынатын қызметтердің тізбесі

P/c №	Қызметтің атауы	Бюджеттік бағдарламаның, бюджеттік кіші бағдарламаның атауы	Медициналық көмектің түрі мен нысаны	Шарт сомасы
1	Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету			

Т а п с ы р ы с

б е р у ш i

Кызметтер

6 e

(тапсырыс берушінің атауы)

1

(Басшысы, Т.А.Ә./қолы)

M.O.

(қызметтер берушінің атауы)

1

лы)

M.O.

Тегін ке^пілдік көрсету^гe 2-қосымша

МЕДИЦИНДА БЕРІЛГЕН АРНАЛҒАН

көмектің
көлемін
шартқа

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсетуге арналған шарт сомасын ай сайынғы бөлу

Бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама):

(бюджеттік бағдарламаның (кіші бағдарламаның) нөмірі мен атауы)

Стационарлық медициналық көмек* нысаны бойынша мамандандырылған медициналық көмек көрсетуге арналған шарттың сомасы тенге

1	Мамандандырылған медициналық көмек көрсетуге арналған шарттың сомасы (тенге), оның ішінде:					
1)	шартты орындауды бағалаудың сзықтық шкаласын қолданумен стационарлық медициналық көмек**					
2)	шартты орындауды бағалаудың сзықтық шкаласын қолданбай стационарлық медициналық көмек** *					

E c k e p t n e :

*республикалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын қызметтер берушілерге қолданылады, стационарды алмастыратын көмек көрсетіледі (көрсетілген жағдайда);

**«Денсаулық сақтау үйымдарының шығындарын бюджет қаражаты есебінен өтеу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 7 желтоқсандағы № 2030 қаулысына сәйкес шартты орындауды бағалаудың сзықтық шкаласы қолданылатын медициналық көмек көрсетуге арналған қаражаттың көлемін қамтиды;

***«Денсаулық сақтау ұйымдарының шығындарын бюджет қаражаты есебінен өтеу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 7 желтоқсандағы № 2030 қаулысына сәйкес шартты орындауды бағалаудың сзығықтық шкаласы қолданылмайтын медициналық көмек көрсетуге арналған қаражаттың көлемін қамтиды.

Стационарды алмастыратын медициналық көмек* нысаны бойынша мамандандырылған медициналық көмек көрсетуге арналған шарттың сомасы тенге

2)	шартты орындауды бағалаудың сзықтық шкаласын колданбай стационарды алмастыратын медициналық көмек** *									
----	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Е ск е р т п е :

*амбулаториялық-емханалық денсаулық сақтау субъектілері және гемодиализ қызметін көрсететін, республикалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын денсаулық сақтау субъектілері болып табылатын қызметтер берушілерге қолданылады;

**«Денсаулық сақтау ұйымдарының шығындарын бюджет қаражаты есебінен өтеу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 7 желтоқсандағы № 2030 қаулысына сәйкес шартты орындауды бағалаудың сзықтық шкаласы қолданылатын медициналық көмек көрсетуге арналған қаражаттың көлемін қамтиды;

***«Денсаулық сақтау ұйымдарының шығындарын бюджет қаражаты есебінен өтеу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 7 желтоқсандағы № 2030 қаулысына сәйкес шартты орындауды бағалаудың сзықтық шкаласы қолданылмайтын медициналық көмек көрсетуге арналған қаражаттың көлемін қамтиды.

Стационарлық және (немесе) стационарды алмастыратын медициналық көмек* нысаны (-дары) бойынша жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсетуге арналған шарттың сомасы _____ теңге

P/ с №	Атауы	жыл	Қантар	Ақпан	Наурыз	Сәуір	Мамыр	Маусым	Шілде	Тамыз	Қыркүйек	Каз
1	Ж оғ а р ы мамандандырылған медициналық көмек көрсетуге арналған шарттың сомасы (теңге)											
2	Ж оғ а р ы мамандандырылған медициналық көмек көрсетудің (емделіп шығу жағдайларының) көлемі											

Жоғары мамандандырылған медициналық көмек қызметтерінің тізбесі

P/c №	АХЖ-9 коды	Қызметтердің атауы	Емделіп шығу ж

E c k e r t p e :

*республикалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын қызметтер берушілерге қолданылады.

Консультациялық-диагностикалық көмек, стационарлық және стационарды алмастыратын медициналық көмек* нысандары бойынша онкологиялық науқастарға медициналық көмек көрсетуге арналған шарттың сомасы

Онкологиялық науқастардың саны: _____ адам

Айына 1 онкологиялық науқасқа шаққандағы кешенді тариф: тенге

E c k e p t n e :

*онкологиялық науқасқа арналған кешенді тариф бойынша қаржыландырылатын қызметтер берушілерге қолданылады.

Медициналық-санитариялық алғашқы көмек және консультациялық-диагностикалық көмек* нысандары бойынша бекітілген халықта амбулаториялық-емханалық көмек көрсетуге арналған шарттың сомасы

Тіркелген халық саны: _____ адам.

Айна тіркелген бір адамға шаққандағы амбулаториялық-емханалық көмек көрсетуге арналған кешенді жан басына шаққандағы норматив:

Тәңгі, өнүң шында
кешенді жан басына шаққандағы нормативтің кепілдік берілген
бөлігі тәңгे;

кешенді жан басына шаққандағы нормативтің ынталандырушы бөлігі теңге.

2)	багалау индикаторларының негізінде соғыс нәтижеге қол жеткізгені үшін МСАК көрсететін ұйымның қызметкерлерін ынталандыруға арналған										
----	---	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Е ск е р т п е :

*амбулаториялық-емханалық көмек көрсетуге арналған кешенді жан басына шаққандағы норматив бойынша қаржыландырылатын қызметтер берушілерге қолданылады.

_____ (медициналық көмектің нысанын(-дарын) көрсету) нысаны (-дары) бойынша ауыл халқына медициналық көмек көрсетуге арналған шарттың сомасы _____ теңге

Ауыл халқының саны: _____ адам.

Айна бір адамға шаққандағы ауыл халқына медициналық көмек көрсетуге арналған кешенді жан басына шаққандағы норматив:

т е н г е , о н ы н ɪ ш i н д e :

кешенді жан басына шаққандағы нормативтің кепілдік берілген бөлігі ----- т е н г е ;

кешенді жан басына шаққандағы нормативтің ынталандыруши бөлігі тенге.

P/c №	Атауы	жыл	Қаңтар	Ақпан	Наурыз	Сәуір	Мамыр	Маусым	Шілде	Тамыз	Қыркүйек	Қа
1	Ауыл халқына медициналық көмек көрсетуге арналған шарттың сомасы (тенге), оның ішінде:											
1)	медициналық көмек көрсетуге арналған											
2)	б а г а л а у индикаторларының негізінде қызметтерінің соғыс нәтижесіне қол жеткізгені үшін МСАК көрсететін ұйымның қызметкерлерін ынталандыруға арналған											

Е ск е р т п е :

*ауыл халқына медициналық көмек көрсетуге арналған кешенді жан басына шаққандағы норматив бойынша қаржыландырылатын аудандық маңызы бар және ауылдың денсаулық сақтау субъектілері болып табылатын қызметтер берушілерге қолданылады.

(медициналық көмектің нысанын(-дарын) көрсету)*
нысаны(-дары) бойынша медициналық көмек көрсетуге арналған шарттың
сомасы тенге

P/c №	Атауы	жыл	Қантар	Ақпан	Наурыз	Сәуір	Мамыр	Маусым	Шілде	Тамыз	Кыркүйек	Қазан
1	Медициналық көмек көрсетуге арналған шарттың сомасы (тенге), оның ішінде :											
1)	медициналық көмектің нысанын көрсету											

Е ск е р т п е :

*республикалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын қызметтер берушілерге қолданылмайды.

Тапсырыс

б е р у ш і Қ ы з м е т т е р

б е 1

(тапсырыс берушінің атауы)

(қызметтер берушінің атауы)

/
(Басшысы, Т.А.Ә./қолы)
М.О.

/
(Басшысы, Т.А.Ә./қолы)
М.О.

Тегін кепілдік көрсетуге 3-қосымша

медициналық берілген арналған

көмектің көлемін шартқа

Тапсырыс берушіге

б е р у ш і н і н

атауы)

(қызметтер берушінің атауы)

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсетуге

арналған шарт бойынша аванс беруге 20__ жылғы «__»

№ _____ өтінім

1. Бұдан әрі «қызметтер беруші» деп аталатын _____, (қызметтер берушінің толық атауы) осы өтініммен 20__ жылғы «__» _____ № ____ тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсетуге арналған шарттың жалпы сомасының _____ пайызы мөлшерінде

(пайыз сомасымен және жазбаша)

_____ айында _____ теңге аванс төлеуді сұрайды.
(айдың атауы) (аванс сомасы санмен және жазбаша)

2. Қызметтер беруші осы өтініммен орындалған жұмыстар актісі бойынша төлеуге жататын сомадан бұрын төленген авансты мынадай кестеге сәйкес ұстап қалуға келісімін білдіреді:

P / c №	Айдың атауы	Сомасы, мың т
1	2	3

3. Қызметтер беруші авансты осы өтінімде көрсетілген аванс сомасының жоспарланған бөлінуіне сәйкес жұмсайтынын растайды.

P / c №	Шығыстардың атауы	Сомасы, мың
1	2	3
1.	Бюджетке міндettі салық аударымдарды және төлемдерді, жинақтаушы зейнетақы қорларына аударымдарды қоса алғанда, қызметкерлерге енбекақы төлеу	
2.	Тамақ өнімдерін сатып алу	
3.	Дәрілік заттарды және медициналық мақсаттағы бүйімдарды сатып алу	
4.	Коммуналдық шығыстар	
5.	Өзге шығыстар	

4. Осы өтінім 20___ жылғы «___» № ___ тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсетуге арналған шарттың қолданылу мерзімі өткенге дейін қолданылады.

(қызметтер берушінің бірінші басшысының не оның орынбасарының лауазымы, Т.А.Ә. және олардың қолдары)

М.О.

Толтырылған күні _____

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету жөніндегі қызметтер берушінің таңдау және оның шығындарын өтеу қағидаларына 22-қосымша

_____ жылға арналған тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің қызметтер берушілерінің тізімі

(тапсырыс берушінің атауы)

мынадай қызметтер берушілермен тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету жөніндегі шарттар жасасу туралы хабарлайды:

P/c №	Қызметтер берушінің атаяуы	Медициналық көмектің түрі	Медициналық көмек нысаны
1	2	3	4

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету жөніндегі қызметтер берушінің таңдау және оның шығындарын өтеу қағидаларына 23-қосымша

Медициналық қызметтер көрсетуге арналған

№ _____

қосалқы мердігерлік шарт

20__ жылғы «__» _____
(орналасқан жері)

Бұдан әрі «қызметтер беруші» деп аталатын _____
(қызметтер берушінің толық атаяу)
атынан _____ негізінде әрекет ететін _____
(үәкілдік органының лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты)
бір тараптан, және бұдан әрі «қосалқы мердігер» деп аталатын

_____ (қосалқы мердігердің толық атаяу)
атынан _____ негізінде әрекет ететін
(жарғы, ережелер және т.б.)

_____ екінші тараптан,
(үәкілдік органының лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты)
бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету жөніндегі 2013 жылғы «__»
_____ № __ шартының «7. Қорытынды ережелер» деген бөлімінің 1-тармағына сәйкес төмендегілер туралы медициналық қызметтер көрсетуге осы Қосалқы мердігерлік шартын (бұдан әрі – Шарт) жасасты:

1. Шарттың нысанасы

1.1. Қосалқы мердігер осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметтер тізбесі бойынша

қызметтер беруші жолдаған халыққа (бұдан әрі мәтін бойынша – пациенттер) медициналық қызметтер (бұдан әрі – қызметтер) көрсетуге міндеттеме қабылдайды.

1.2. Қызметтер беруші осы Шартпен белгіленген тәртіpte және талаптарда қосалқы мердігер көрсеткен қызметтерді төлеуге міндеттенеді.

1.3. Қызметтер _____
(қызмет көрсетілетін орын: ауыл, кент, ауылдық округ, қаладағы аудан, қала, аудан, облыс)
аумағында көрсетіледі.

2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

2.1. Қосалқы мердігер:

2.1.1. осы Шарттың тәртібімен және талаптарына сәйкес Қосалқы мердігердің тиісті бөлімшелерінің жұмыс тәртібіне сәйкес күндер мен сағаттарда пациенттерге қызметтер көрсетуге;

2.1.2. әр пациент бойынша көрсетілген қызметтердің көлемі, түрлері мен құны бөлінісінде көрсетілген қызметтердің электрондық тізілімдерін жүргізуге және ақпараттық жүйеге уақтылы енгізілуін қамтамасыз етуге;

2.1.3. қызметтер берушіге уәкілетті орган бекіткен тарификатордың негізінде, денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындаған мерзімде және тәртіппен есепті кезеңінде көрсетілген қызметтердің шот-тізілімін беруге;

2.1.4. уәкілетті орган бекіткен медициналық құжаттаманы жүргізуі қамтамасыз етуге міндеттенеді.

2.2. Қосалқы мердігер:

2.2.1. бекітілген стандарттарға сәйкес пациентке медициналық қызметтер кешенін айқындауға және тағайындауға;

2.2.2. кейіннен қызметтер берушіні хабардар ете отырып, шұғыл жағдайлардағы медициналық айғақтар бойынша пациентке қосымша медициналық қызметтер кешенін тағайындауға;

2.2.3. шұғыл жағдайларды қоспағанда қызметтер берушінің жолдауынсыз пациенттің өз бетінше жүгінуі кезінде ақылы негізде медициналық қызметтер көрсетуге;

2.2.4. уәкілетті орган айқындаған жекелеген аурулар бойынша қызметтер берушінің жолдауынсыз жоспарлы науқастарды қарап-тексеруге құқылды.

2.3. Қызметтер беруші:

2.3.1. уәкілетті орган айқындаған тәртіппен, көлемде және мерзімде қосалқы мердігердің қызметтерін уақтылы төлеуге;

2.3.2. медициналық қызметтерге жағдайда қосалқы мердігер осы Шарттың шенберінде көрсететін қызметтерді ұсыну талаптарымен пациентті таныстыруға;

2.3.3. көрсетілген қызметтердің көлемі, сапасы бойынша наразылықтар болмаған жағдайда, қосалқы мердігер ұсынған көрсетілген қызметтердің тізілімін қаруаға, өз тарапынан көрсетілген қызметтердің актісіне қол қоюға міндеттенеді.

2.4. Қызметтер беруші:

2.4.1. осы Шартпен көзделген тәртіpte қосалқы мердігерден пациенттерге көрсетілген қызметтердің көлемдері мен түрлері туралы ақпарат алуда;

2.4.2. кез келген уақытта көрсетілетін қызметтердің барысы мен сапасын, оның ішінде қосалқы мердігердің қызметіне араласпай қосалқы мердігерде пациенттің қызметтерге қанағаттанушылығын, оның ішінде қызметтер көрсету орнына бара отырып саулнама нысанында бағалауды жүргізу арқылы және Қазақстан Республикасының заннамасына қайшы келмейтін басқа тәсілдермен тексеруге;

2.4.3. егер көрсетілген қызметтердің сапасы бойынша қызметтер берушіде немесе пациентте наразылықтар туындаған жағдайда, онда бұндай наразылықтарды комиссия қосалқы мердігер мен қызметтер беруші екілдерінің міндетті қатысуы арқылы қарайды, тәуелсіз медициналық сарапшылар да тартылуы мүмкін;

2.4.4. Қазақстан Республикасының заннамасында көзделген тәртіппен көрсетілген қызметтердің көлемі мен сапасына, қосалқы мердігер жасаған дәрігерлік тағайындаулардың негізділігіне қарсы болуда;

2.4.5. қызметтер берушіге ұсынылған медициналық құжаттамада көрсетілген қызметтер көлеміне пациентке көрсетілген нақты қызметтердің көлемі сәйкес келмеген жағдайда қосалқы мердігердің қызметтері үшін ақы төлеуден бас тартуға құқылы.

3. Есеп айырысу тәртібі

3.1. Қызметтер беруші уәкілетті орган бекіткен тарификатор бойынша қосалқы мердігерге ақы төлеуді жүзеге асырады.

3.2. Қосалқы мердігер қызметтер берушіге ақы төлеу үшін есепті

кезеңінен кейінгі айдың 15-күнінен кешіктірмей шот-фактураны, көрсетілген қызметтердің тізілімін жазады және тапсырады.

3.3. Шот-тізілімнің негізінде тараптар қол қоятын есепті кезеңде орындалған қызметтердің актісі жасалады.

4. Тараптардың жауапкершілігі

4.1. Тараптардың осы шарт бойынша өзіне қабылдаған міндеттемелерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады.

4.2. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қосалқы мердігер ұсынылған қызметтердің уақтылығы мен сапасы үшін жауапты болады.

5. Шартты қолдану, өзгерту және тоқтату мерзімі

5.1. Осы Шарт Тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді және тараптар шартты бұзғанға дейін қолданылады.

5.2. Осы Шарттың талаптары Тараптардың келісімі бойынша өзгертилуі және/немесе толықтырылуы мүмкін. Кез келген өзгерістер және/немесе толықтырулар жазбаша нысанда жасалғанда және Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойғандаға занды күшке ие болады.

5.3. Тараптардың кез келгені басқа Тарапты бұзудың болжанатын күніне дейін күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын жазбаша хабардар ету шартымен осы Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

5.4. Бұл ретте Тараптар осы Шартты бұзудың болжанатын күніне дейін 5 (бес) жұмыс күнінің ішінде Тараптардың міндетті түрде салыстыру актісін жасауы арқылы осы Шарт бойынша нақты орындалған міндеттемелер бойынша өзара есеп айырысулар жүргізуге міндеттенеді.

6. Форс-мажор

6.1. Қосалқы мердігердің бақылауына бағынбайтын, оның қателігіне немесе ұқыпсыздығына байланысты емес және тосын сипатқа ие оқиғалар форс-мажорлық мән-жайларға жатады. Мұндай оқиғалар табиғи және (немесе) техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды немесе төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі іс-қимылдар секілді құбылыстарды қамтуы мүмкін, бірақ олармен шектелмейді.

6.2. Форс-мажорлық мән-жайларға:

1) қосалқы мердігердің қасақана және абайсыз іс-қимылдарынан туындаған оқиғалар;

2) осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін адал атқаратын қосалқы мердігердің алдын ала болжауына және еңсеруіне болатын оқиғалар;

3) қосалқы мердігердің ақша қаражатының болмауы немесе осы Шарттың міндеттерін орындаудына және/немесе тиісінше орындаудына байланысты қызметтер берушінің төлемақыны жүзеге асырмады жатпайды.

6.3. Форс-мажорлық мән-жайлар туындаған кезде қосалқы мердігер бір жұмыс күнінің ішінде қызметтер берушіге мұндай мән-жайлар және олардың себептері туралы дереке жазбаша хабарлама жіберуі тиіс.

Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарының форс-мажордың туындағанын растайтын ресми құжаттары форс-мажордың дәлелі болады.

6.4. Уақтылы хабарламау қосалқы мердігерді міндеттемелерді орындау бойынша жауапкершіліктен босататын негіз ретінде осы Шарттың осы бөлімінің 8.1-тармағында көзделген мән-жайларға сілтеме жасау құқығынан айырады.

6.5. Форс-мажор тоқтағаннан кейін үш жұмыс күнінің ішінде қосалқы мердігер қызметтер берушіге форс-мажордың тоқтағаны туралы жазбаша хабарлайды және осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін жүзеге асыруды қайтадан бастайды.

7. Дауларды қарau тәртібі

7.1. Осы Шартты орындауға байланысты туындайтын кез келген келіспеушіліктер мен дауларды Тараптар келіссөздер арқылы шешеді.

7.2. Келіссөздер арқылы дауларды реттеуге қол жеткізу мүмкін болмаған жағдайда, олар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешуге жатады.

8. Қорытынды ережелер

8.1. Осы шарттың талаптарына сәйкес бір Тарап екінші Тарапқа жіберетін кез келген хабарлама жазбаша түрде жолданады.

8.2. Хабарлама оны екінші Тарап алған сәттен бастап күшіне енеді.

8.3. Тараптар бір-біріне мекенжайларының, деректемелерінің өзгеруі туралы дереке хабарлауға, сондай-ақ келіссөздерде қаржылық және өзге де құжаттарға қол қою үшін өз өкілдеріне сенімхаттар беруге міндеттенеді.

8.4. Осы Шартқа барлық қосымшалар мен қосымша келісімдер оның

ажырамас бөлігі болып табылады, жазбаша түрде ресімделеді, Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қояды және Тараптардың мөрлерімен бекітіледі.

8.5. Осы Шарт бірдей заңды күші бар екі данада жасалды, бір данасы тапсырыс берушіде, екіншісі қызметтер берушіде болады.

Осы Шарт мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалады. Тараптар алмасатын осы Шартқа қатысты барлық хат алмасу мен басқа да құжаттама осы талаптарға сәйкес болуы тиіс.

9. Тараптардың мекенжайлары, деректемелері, қолдары және мөрлері

Осы медициналық қызметтерді көрсетуге арналған қосалқы мердігерлік шарты қызметтер беруші мен қосалқы мердігер арасында туындайтын құқықтық қатынастарды реттейді. Осы Шартқа енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келуі тиіс.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2012 жылғы

25

қазандары

№ 1358

қаулысына

қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету бойынша медициналық қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және жүргізу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 19 қарашадағы № 1888 қаулысы .

2. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 18 маусымдағы № 613 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 23-тармағы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2010 ж., № 39, 342-құжат).

3. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 19 қарашадағы № 1888 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 14 желтоқсандағы № 1357 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2011 ж., № 5, 63-құжат).

4 «Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету бойынша медициналық қызметтерді сатып алуды үйымдастыру және жүргізу ережесін бекіту туралы» 2009 жылғы 19 қарашадағы № 1888 және «Денсаулық сақтау үйымдарының шығындарын бюджет қаражатының есебінен өтеу ережесін бекіту туралы» 2009 жылғы 7 желтоқсандағы № 2030 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы » Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 3 қазандағы № 1131 қаулысы 1-тармағының 1) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2011 ж., № 56, 792 - құжат).

5. «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету бойынша медициналық қызметтерді сатып алуды үйымдастыру мен жүргізу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 19 қарашадағы № 1888 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 1703 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2012 ж., № 17, 267-құжат).